"KazakhExport" ЭСК" АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы 27 ақпандағы (№1 хаттама)
шешімімен
"Бекітілген"

# Экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары

**Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл**

## ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

| | |
|---|---|
| ІНҚ атауы | Экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары |
| ІНҚ иесі | Сақтандыру департаменті |
| Қолжетімділік деңгейі | Жалпыға қолжетімді |
| Қоғамның барлық қызметкерлерін ІЖҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар | ІНҚ-ні "Ішкі портал" желілік дискісіне орналастырған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу |

**Мазмұны**


| **Тараудың, параграфтың нөмірі** | **Тараудың, параграфтың атауы** | **Беттің нөмірі** |
|---|---|---|
| 1-тарау. | Жалпы ережелер | 4 |
| 2-тарау | Анықтамалар мен терминдер | 4 |
| 3-тарау | Сақтандыру объектісі | 6 |
| 4-тарау | Сақтандыру жағдайлары | 6 |
| 5-тарау | Сақтандыру шартын жасасу тәртібі | 6 |
| 6-тарау | Сақтандыру оқиғаларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу | 7 |
| 7-тарау | Кепілдіктер | 9 |
| 8-тарау | Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны. | 9 |
| 9-тарау | Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі | 9 |
| 10-тарау | Сақтандыру сыйлықақысы | 9 |
| 11-тарау | Тараптардың құқықтары мен міндеттері | 10 |
| 12-тарау. | Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелін ұлғайтудың салдары | 14 |
| 13-тарау. | Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті | 15 |
| 14-тарау. | Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі | 15 |
| 15-тарау | Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары | 16 |
| 16-тарау | Сақтандыру шартын тоқтату талаптары | 18 |
| 17-тарау | Суброгация | 18 |
| 18-тарау | Қосымша талаптар | 19 |
| 19-тарау | Дауларды шешу тәртібі | 19 |

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және экспорттаушылардың міндеттемелері бойынша берілген (шығарылған) кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға байланысты экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың талаптарымен бұдан әрі "Сақтандырушы" деп аталатын "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" Акционерлік қоғамы экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты немесе Шарт) жасайды.

## 2-тарау. Анықтамалар мен терминдер

3. Осы Қағидалардың мақсаты экспорттаушылардың міндеттемелері бойынша берілген (шығарылған) кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға байланысты экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгі шарттарын айқындау болып табылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **Аппликант** - міндеттемелер бойынша және оның тапсырмасы бойынша бенефициардың пайдасына кепілдік берілетін экспорттаушы;

2) **Банкроттық**-соттың заңды күшіне енген шешімімен танылған Сақтанушының оны тарату үшін негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

3) **Шартсыз франшиза**-сақтандыру шартында белгіленген, сақтандыру төлемінен шегерілетін сома. Шартсыз франшиза сақтандыру сомасына пайызбен не абсолюттік мөлшерде белгіленеді;

4) **Бенефициар**-соның пайдасына кепілдік берілетін және осыған орай Кепілдік бойынша талап қоюға құқығы бар шетелдік контрагент;

5) **Пайда алушы**-Сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын Кепілгер. Пайда алушыны оның сақтанушымен келісімінен туындайтын Сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстыруға болмайды;

6) **Кепілгер**-Аппликанттың Бенефициар алдындағы міндеттемелері бойынша бенефициардың пайдасына кепілдік беретін (шығаратын) қаржы ұйымы;

7) **Кепілдік** -оған сәйкес, Аппликант Бенефициар алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған кезде, Кепілгер Бенефициарға осы жазбаша келесіміде (хабарламада) көрсетілген белгілі бір соманы төлейтін жазбаша келісім (хабарлама). Кепілдікті Кепілгер Келісімшартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты Кепілдік беру туралы шарттың талаптарымен Бенефициардың пайдасына береді (шығарады). Осы Қағидалардың шеңберінде кепілдіктерге мыналар жатқызылуы мүмкін: аванстық төлемді қайтару кепілдігі, келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі, тендерлік кепілдік және Кепілгер берген (шығарған) кепілдіктердің өзге де түрлері;

8) **Сақтандыру шарты**-экспорттаушының міндеттемелері бойынша берілген (шығарылған) кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға байланысты экспорттаушының қаржы ұйымы алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін

сақтандыру шарты, оған сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді;

9) **Кепілдік беру туралы шарт**-Кепілгер мен Аппликант арасындағы Аппликанттың Бенефициар алдындағы міндеттемелері бойынша бенефициардың пайдасына кепілдік беру (беру, шығару) туралы жазбаша келісім;

10) **Шетелдік контрагент**-Сатып алушы, Тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

11) **Келісімшарт**-қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортына экспорттаушы мен шетелдік контрагент арасындағы жазбаша келісім;

12) **Күту кезеңі** – өткеннен кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептелетін, Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі. Күту кезеңі Сақтандырушы Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама алғаннан кейін келесі күні басталады;

13) **Сақтандырушы**-Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушының пайдасына шартта белгіленген Сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы;

14) **Сақтанушы**-Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Аппликант;

15) **Сақтандыру төлемі**-сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

16) **Сақтандыру сыйлықақысы**-Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

17) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ол Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін, қазақстандық теңгедегі қаражат сомасы;

18) **Сақтандыру тәуекелі**-Пайда алушы үшін залалға әкеп соқтыратын, басталған жағдайда Сақтандыру шарты жасалатын болжамды оқиға (сақтандыру жағдайы);

19) **Сақтандыру жағдайы** - Сақтандыру шарты басталған кезде Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

20) **Сақтандыру мүддесі**-бұл Сақтанушының тәуекелдердің алдын алу және сақтандыру жағдайының туындауына жол бермеу жөніндегі мүліктік мүдделері;

21) **Шығын**-Пайда алушының кепілдік бойынша төлемді жүзеге асыруы салдарынан туындайтын және Кпілдік беру туралы шартқа орай Сақтанушының өтеуіне жататын залал. Осы Қағиданың шеңберінде Шығын деп Пайда алушының Бенефициардың пайдасына кепілдік бойынша төлемді жүзеге асыру нәтижесінде пайда болған пайда алушы алдындағы Сақтанушының берешек сомасын ғана түсіну керек. Шығынның анықтамасы Сақтанушының Пайда алушының алдындағы жіберілген пайданы, тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, есептелген және мерзімі өткен сыйақыларды, кепілдік беру туралы шартта көзделген комиссиялар мен өзге де төлемдерді, моральдық залалды, сот шығындарын және кепілдік беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін сот органдарына жүгінуіне байланысты шығыстарды, сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өтеу (төлеу) бойынша берешегінің туындауын қамтымайды;

22) **Қаржы ұйымы**-қаржылық қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және кепілдік беруге (шығаруға) құқығы бар заңды тұлға;

23) **Экспорттаушы**-қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар, егер Қағидаларда өзгешесі көзделмесе, Қағидалар мәтіні бойынша жалғыз немесе көпше түрде, бас немесе кіші әріппен оларды пайдалануға қарамастан, осы тарауда айқындалған мағынада түсініледі.

## 3-тарау. Сақтандыру объектісі

5. Сақтандыру объектісі Сақтанушының Пайда алушыға оның залалды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі болып табылады.

## 4-тарау. Сақтандыру жағдайлары

6. Осы Қағидалардың талаптары бойынша кепілгердің кепілдікке сәйкес бенефициардың пайдасына ақша сомасын төлеуді жүзеге асыруы нәтижесінде шығынның туындауы сақтандыру жағдайы болып табылады.

7. Осы тарауда және Сақтандыру шартында айқындалған және залал келтірген оқиғаның басталу фактісі Сақтандыру жағдайы болып табылады.

8. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде санамаланған барлық белгілерге ие болуға тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның басталу нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталуы нәтижесіндегі шығындар мөлшеріне қатысты болжамсыздық;

3) Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде оқиға сөзсіз және объективті болуы тиіс деген қауіптің болмауы, бұл туралы оның тараптары немесе кем дегенде Сақтанушының алдын ала білуі немесе алдын ала хабардар болуы;

4) оқиғаның пайда болуы Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарларға ие;

5) оқиғаның басталуы Сақтанушының ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтысты (алыпсатарлық тәуекел) алу мақсатын көздемейді.

## 5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

9. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын осы Қағидалардың талаптарына сәйкес Сақтанушының және Пайда алушының жазбаша өтініштері негізінде жасалады.

10. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру тәуекелін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.

11. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сауалдарына жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасу үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапты болады.

12. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады және мыналарды қамтуы тиіс:

1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;

2) сақтанушының Тегі, Аты, Әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы, орналасқан жері және сақтанушының банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болып табылса);

3) сақтандыру объектісін көрсету;

4) сақтандыру жағдайын көрсету;

5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері;

6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (сақтандыру сыйлықақысын бөліп - бөліп төлеу кезінде-сақтандыру жарналарының мөлшері), оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;

7) шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;

8) пайда алушы туралы нұсқау;

9) шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі, сериясы);

10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

11) сақтанушының шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса;

12) сақтанушыны және (немесе) пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

13) сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы валютасының түрі;

14) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және сақтанушының экономика секторын көрсету;

15) пайда алушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;

16) сақтандыру мүддесінің болуы;

17) шартсыз франшиз туралы талап.

13. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартына өзге де жағдайлар енгізілуі мүмкін.

14. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін сақтандырушы жауап береді. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

15. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде Сақтанушының және (немесе) пайда алушыны заңды тұлға болып табылатын қайта ұйымдастыру кезінде оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалған тәртіппен тиісті құқық мирасқорына ауысады.

## 6-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

16. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғауында мынадай сақтандыру жағдайларының басталуы салдарынан туындаған Шығындар өтелмейді:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың, әскери іс-қимылдардың, азаматтық соғыстың, әр түрлі халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің әсері;

2) сақтандыру шартын жасасу сәтіне дейін туындаған оқиғалар;

3) кепілдіктермен операциялар жүргізуді реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сол сияқты халықаралық сауда палатасы жариялайтын, кепілдікті және (немесе) кепілдік беру туралы шартты орындамаумен және (немесе) тиісінше орындамаумен себептік байланыстағы, сақтандыру жағдайының басталуына тікелей немесе жанама әкеп соққан халықаралық әдет-ғұрыптар мен ережелерді Сақтанушының кез келген бұзушылығы;

4) осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген және Сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғаларға байланысты емес оқиғалар;

5) Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарттан туындайтын құқықтарды және (немесе) міндеттемелерді беру;

6) Сақтандыру шартын жасасу күніне және (немесе) Сақтандыру шартын ұзарту күніне орын алған мемлекеттік органның іс-қимылдары

17. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы мыналар үшін жауапты болады:

1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын не Сақтандыру шартында көзделмеген Залалдарды өтеу туралы кез келген талаптары үшін;

2) мыналарға байланысты туындаған кез келген залал немесе шығыстар:

- кез келген ядролық отыннан немесе кез келген ядролық қалдықтардан ластанудан немесе радиоактивтіліктен немесе ядролық отынды жағу нәтижесінде болған иондаушы сәулелер;
- кез келген ядролық қондырғының, реактордың немесе оларды ядролық құрастырманың, сондай-ақ ядролық компоненттің радиоактивті, уытты, жарылыс қаупі бар немесе басқа да қауіпті немесе ластаушы қасиеттері;
- атомдық немесе ядролық реакция және/немесе синтез, сондай-ақ басқа да ұқсас реакциялар, радиоактивті күш немесе заттар пайдаланылып жасалған кез келген әскери қару;
- радиоактивті, уытты, жарылғыш қаупі бар немесе кез келген радиоактивті заттың қауіпті немесе ластаушы қасиеттер. Бұл тармақша ядролық отынды қоспағанда, егер мұндай изотоптар коммерциялық, ауыл шаруашылығы, медициналық, ғылыми немесе басқа да осындай бейбіт мақсаттарда дайындалса, тасымалданса, сақталса немесе пайдаланылса, радиоактивті изотоптарға қолданылмайды;
- кез келген химиялық, биологиялық, биохимиялық немесе электромагниттік қарудың әсері.

18. Сақтандырушының Сақтандыру шартында көрсетілген өзге де негіздерден басқа, Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) Пайда алушының шығындар үшін жауапты тұлғадан немесе үшінші тараптан осы Қағидаларда көзделген суброгация жөніндегі талаптарды бұза отырып, шығынды толық не ішінара өтеуді алуы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

4) Пайда алушының суброгация бойынша талаптарды орындамауы;

5) сақтанушының немесе пайда алушының Қағидалардың 7-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді сақтамауы;

6) Пайда алушының және (немесе) Сақтанушының шетелдік контрагентпен үлестесуі;

7) Сақтанушының Шығынды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

8) Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болған кезден бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталуы туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы;

9) Пайда алушының өзінің сақтанушыға талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығына өту үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы.

19. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге де ерекшеліктер және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

## 7-тарау. Кепілдіктер

20. Сақтанушы мен Пайда алушы мыналарға кепілдік береді және келіседі:

1) олар Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайына әкелуі мүмкін Сақтандыру шартын жасасу және (немесе) мерзімін ұзарту күнгі қандай да бір талаптарды, шарттарды немесе оқиғаларды білмейді және Сақтанушы мен Пайда алушы берген барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай елеулі ақпарат жасырылмаған;

2) олар барлық жауапкершілікпен Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі кезінде әрекет ететін болады, егер олар Сақтандыру шартын жасамаған болса және Шығынды болдырмау және азайту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдайтын болады;

21. Сақтанушы мен Пайда алушы құпиялылықты сақтауға кепілдік береді, яғни олар қандай да бір уақытта Сақтандыру шартының болу фактісін шетелдік контрагентті қоса алғанда, қандай да бір тарапқа, Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз ашпайды.

22. Сақтандыру шартында қосымша кепілдіктер мен ерекше талаптар көзделуі мүмкін.

## 8-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны.

23. Сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп - бөліп төлеу кезінде, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

24. Сақтандыру шарты Қағидалардың 16-бөліміне сәйкес қолданылуын тоқтатады.

25. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

26. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі Кепілдіктің қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

27. Сақтандыру шартын қолдану орны (сақтандыру аймағы) тек Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана таралады.

## 9-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

28. Сақтандыру сомасы Кепілдік бойынша төлемді жүзеге асыру нәтижесінде Пайда алушы әкелуі мүмкін Залал сомасы шегінде Шарт тараптарының келісімімен белгіленеді.

29. Сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру объектісі құнының негізінде пайда алушы кепілдік бойынша төлеген сома негізге алына отырып, тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

## 10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

30. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шартында белгіленеді. Сақтандырушы Сақтанушыдан алған Сақтандыру сыйлықақысы оған меншік құқығымен тиесілі.

31. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, егер Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, Сақтандырушы айқындайтын сақтандыру объектісінің құнына қолданылатын сақтандыру тарифіне сәйкес есептеледі.

32. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы қолма-қол ақшасыз нысанда бір мезгілде не бөліп-бөліп төлеуге тиіс.

33. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімге дейін толық мөлшерде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуын сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімін өткізіп алған күннен кейінгі күннен бастап бір жақты тәртіппен тоқтата тұрады. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру қорғанышының қолданысын тоқтата тұру кезеңінде болған Сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды. Сақтандырушы

сақтанушының Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде ақшалай міндеттемелерін уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуді талап етуге құқылы.

34. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын бір жақты тәртіппен, егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатыла тұрғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыдан Сақтандыру сыйлықақысын (мерзімі өткен сақтандыру жарнасын және (немесе) егер мұндай төлем мерзімі басталған болса, кезекті сақтандыру жарнасын) төлеу түспеген жағдайда тоқтатады.Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыны және Пайда алушыны Қағиданың16-тарауына сәйкес Сақтандыру шартының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етеді.

35. Сақтандыру қорғауының қолданысын тоқтату Сақтанушыны Сақтандыру шарты бұзылған күнге дейінгі сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңі үшін Сақтандыру сыйлықақысын толық төлеуден босатпайды.

36. Сақтандырушы мерзімі өтіп кеткен Сақтандыру сыйлықақысын (мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасын және (немесе) кезекті сақтандыру жарнасын, егер мұндай төлем мерзімі туындаса) төлегеннен кейін Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру қорғанысының қолданылуын қайта бастауға құқылы. Бұл ретте Сақтандыру шартының қолданылуы ұзартылмайды және сақтандыру қорғанышының қолданысы тоқтатыла тұрған кезең үшін төленген Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) қайтарылмайды.

37. Сақтандыру жағдайы Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленгенге дейін басталған кезде, егер Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзған болса, Сақтанушы Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

## 11-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

38. Сақтанушының:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Пайда алушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету;

3) Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;

4) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

39. Сақтанушы міндетті:

5) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

6) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде барлық кезең үшін Сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеу;

7) шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға;

8) Сақтандырушыға осындай оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған кезден бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары Сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы хабардар етуге;

9) Шығынды азайтуға шаралар қабылдауға;

10) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келтірілген Залалдың сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты беруге;

11) Сақтандырушының бірінші талап етуі бойынша Сақтандырушы алдындағы Сақтандыру төлемі бойынша берешекті оның жазбаша хабарламасында көрсетілген мерзімде Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару арқылы өтеуге, соның ішінде Сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімімен өзінің меншік құқығындағы мүлкін өз бетінше сату арқылы Сақтандырушы алдындағы берешекті өтеуге;

12) Сақтандырушыға өзіне ауысқан талап ету құқығын іске асыруға кедергі келтірмеуге;

13) Сақтандырушыға Сақтандырушының сұратуы түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыда Сақтандырушы алдында туындаған берешекті өтеу тәртібіне қатысты барлық құжаттар мен ақпаратты беруге;

14) Пайда алушының және (немесе) Сақтандырушының бірінші талабы бойынша оның өкілдеріне Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметін оның өндірістік (сауда) объектілерін тікелей қарау және (немесе) пайда алушыға және (немесе) Сақтандырушыға қажетті шарттарда (мерзімде, көлемде) қаржы-шаруашылық қызметі туралы құжаттар мен ақпаратты ұсыну арқылы тексеру мүмкіндігін беруге;

15) Сақтандырушыға және Пайда алушыға келісімшартты ол жіберген барлық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ Сақтанушының келісімшарт бойынша және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы жазбаша хабарлауға;

16) Пайда алушы кепілдік беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу туралы талаптар қойған жағдайда, қалыптасқан жағдайда өз міндеттемелерін тиісінше орындауға барлық ақылға қонымды және қол жетімді шараларды қабылдауға;

17) Сақтандырушыдан келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты беру туралы жазбаша сұрау салуды алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға сұрау салуда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысанда ұсынуға;

18) Банк деректемелері және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде, 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыны және Пайда алушыны жазбаша хабардар етуге;

19) Сақтандырушыға және пайда алушыға шетелдік контрагент тарапынан олар туындаған сәттен бастап кез келген талаптарды ұсынуға;

20) Бенефициар кепілдік бойынша талап қойған жағдайда, Сақтандырушының сұрау салуы бойынша растайтын құжаттарды қоса бере отырып, талап себептері туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты беруге;

21) Сақтандырушы Пайда алушының пайдасына Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушының сұратуы бойынша 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушының пікірі бойынша негіздер болған кезде кепілдік беру туралы шарт және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша талаптың заңсыздығын дәлелдеу жөніндегі заңды шараларды қабылдауға;

22) Кепілдік және (немесе) Кепілдік беру туралы шарт бойынша талаптың заңсыздығы анықталған жағдайда Сақтандырушыға Пайда алушыдан немесе үшінші тұлғалардан, оның ішінде Бенефициардан төленген соманы қайтару жөнінде толық көмек көрсетуге;

23) Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан және кепілдік беру туралы Кепілдік және (немесе) шарт бойынша талаптың заңдылығы анықталғаннан кейін сақтандырушы алдында (оның сақтанушыға талап ету құқығы мөлшерінде) өзінің барлық мүлкімен жауап беруге міндетті.

40. Сақтандырушының:

1) Пайда алушы мен Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ сақтанушының және (немесе) Пайда алушының кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарттың талаптары мен талаптарын орындауын тексеруге;

2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтау, оның ішінде Сақтанушыға, Пайда алушыға, Шетелдік контрагентке және өзге де тұлғаларға сұрау салу жіберуге;

3) Пайда алушыдан және Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайы фактісін және оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;

4) егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатыла тұрғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыдан Сақтандыру сыйлықақысын (мерзімі өткен сақтандыру жарнасын және (немесе) кезекті Сақтандыру жарнасын төлеу түспеген жағдайда, егер мұндай төлемнің мерзімі басталған болса, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен тоқтатуға;

5) кез келген уақытта Сақтанушының қаржылық жағдайын тексеру, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Сақтанушыдан Сақтанушының қаржылық жағдайын растайтын кез келген анықтамалар мен құжаттарды сұрауға;

6) Сақтандырушы алдындағы берешегін өтеу үшін сомалар, соның ішінде Сақтанушының банк шоттарындағы ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы жетіспейтін соманы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтанушының өзге де мүлкі есебінен алуға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған берешек сомасын Сақтанушының кез келген банктік шоттарынан алуға (есептен шығаруға) не банк шоттарын тікелей дебеттеу жолымен Сақтанушының банкінде ашылған банк шоттарынан ақшаны есептен шығаруға құқылы. Сақтандыру шарттары және Сақтанушының Сақтандырушы алдындағы берешегін растайтын құжаттар Сақтанушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу үшін негіз болып табылады;

8) Сақтанушыдан берешекті өндіріп алу үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен үшінші тұлғаларды тартуға;

9) Сақтанушыдан Сақтандыру төлемі бойынша берешекті ерікті түрде төлеуден бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мәжбүрлеу тәртібімен өсімпұл өндіріп алуға;

10) Сақтандырушыда туындаған Сақтанушыға талап ету құқығын үшінші тұлғаға беруге;

11) Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтанушыдан сотқа дейінгі/сот тәртібімен Сақтандыру төлемі бойынша берешекті өтеуді талап етуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқығы бар.

41. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны және пайда алушыны осы Қағидалармен таныстыруға және олардың талабы бойынша осы Қағиданың көшірмесін ұсынуға (жіберу);

2) Сақтанушы және (немесе) пайда алушы оны жоғалтқан жағдайда Сақтандыру шартының телнұсқасын беруге міндетті, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша Сақтандыру төлемі жүргізілмейді.;

3) оқиға Сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда, Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде Сақтандыру төлемін жүргізуге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

5) егер осы шығыстар Сақтандырушымен келісілсе, Пайда алушыға Сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарды өтеуге міндетті;

6) Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы не олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыны және (немесе) Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде

хабардар етуге міндетті, бұл ретте күту кезеңі жетіспейтін құжаттарды алған күнге дейін тоқтатыла тұрады;

42. Пайда алушы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап етуге;

3) Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;

43. Пайда алушы:

1) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;

2) Қағидалардың 7-тарауында көрсетілген барлық шарттарға кепілдік беру және орындауға;

3) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау және іске асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді беруге;

4) мынадай фактілер анықталған кезде Сақтандырушыны кідіріссіз ауызша және жазбаша хабардар етуге міндетті:

– Бенефициар Кепілдік бойынша талап қоюға ниеттенсе;

– Бенефициар «ұзарту не төлеу» талабын қойса;

– Бенефициар Кепілдік бойынша талап қоюға ниеттенсе.

5) шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлауға;

6) Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Пайда алушыға осындай оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған кезден бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге;

7) Сақтандыру жағдайы басталған кезде іс-әрекеттерді Сақтандырушының алдын ала келісімімен жүзеге асыруға;

8) Шығынды азайтуға шаралар қабылдауға;

9) Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға басталған кезде Сақтандырушыға Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынуға;

10) Сақтандырушыға Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығын растайтын құжаттарды тиісті түрде беруге;

11) егер алынғаны жалған ақпарат беру арқылы екені дәлелденсе, Сақтандыру төлемі мөлшеріндегі соманы Сақтандырушыға қайтаруға;

12) Сақтандырушыға Шығынды сотқа дейін реттеу жөнінде қабылданған шаралар туралы жазбаша түрде хабарлама жіберуге;

13) Сақтандырушының жазбаша талап етуі бойынша Пайда алушы растаған шарттардың, төлем тапсырмаларының және мониторинг жүргізу мақсатында Сақтандырушы сұратқан кредиттік құжаттамада қамтылған өзге де құжаттардың көшірмелерін беруге;

14) ақтанушының оңалту немесе банкроттық рәсімі қозғалған жағдайда, егер осы рәсімдер сақтандырушыға талап ету құқықтарын беру күніне дейін қозғалған болса, пайда алушы кредиторлар комитетінің құрамына кіруге міндетті;

15) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушының қаржылық жай-күйіне мониторингті жүзеге асыруға және сақтандырушының бірінші сұратуы бойынша мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей ақпарат беруге: Сақтанушының қаржылық жай-күйін және кепілдік беру туралы шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерінің орындалуын растайтын кез келген анықтамалар мен құжаттар;

16) жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша Сақтанушының қаржылық жай-күйінің нашарлағаны туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар етуге міндетті;

17) Сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап Сақтанушыдан және (немесе) үшінші тұлғалардан шығынды өтеу есебіне түсетін барлық төлемдерді Пайда алушы қабылдауға және кепілдік беру туралы шарт бойынша берешекті өтеуге бағытталуға тиіс. Бұл ретте Пайда алушы Сақтандырушыға осындай төлемдердің түскені туралы жазбаша нысанда хабарлайды, ал сақтандырушы өз кезегінде өтелген берешек сомасына сақтандыру төлемінің сомасын азайтады;

18) Сақтандырушы міндеттемелерді орындаған жағдайда Пайда алушы қандай да бір негіздерде және жағдайларда Сақтанушының Сақтандыру сомасы шеңберінде Пайда алушы алдындағы берешегін арттыра алмайды;

19) Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру нәтижесінде Сақтандырушы алған құқықтарды жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;

20) егер Пайда алушының іс-әрекеті сот шешімімен белгіленген сақтандырушыға талап ету құқығының өтуіне кедергі келтірген жағдайда, Сақтандырушыға Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде қайтаруға міндетті.

21) Сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушының Сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты Сақтанушыға төленген сома шегінде Сақтанушыға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

## 12-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелін ұлғайтудың салдары

44. Пайда алушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

45. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер елеулі деп танылады:

1) Кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарттың талаптарын өзгерту;
2) Кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша тараптардың өзгеруі;
3) Кепілдік берілетін мәмілелердің шарттарын өзгерту;
4) Келісімшарттың кез келген талаптарын өзгерту.

46. Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер көрсетілуі мүмкін.

47. Пайда алушы қағидалардың 44-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген шығында өтеуді талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

## 13-тарау. Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті

48. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген шығындарды дәлелдеу Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға жүктеледі.

49. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін кез келген оқиға басталған кезде Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы:

1) ықтимал Шығындарды болдырмау немесе азайту жөнінде шаралар қабылдауға;

2) осы Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды қоса алғанда, Сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды алу үшін шаралар қабылдауға;

3) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыға хабарлама жіберілген күнді айқындауға мүмкіндік беретін тәсілмен Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары Сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін кез келген оқиға туралы хабарлауға және Сақтандырушыны істің барлық мән-жайларына қатысты қажетті ақпаратпен және құжаттамамен, атап айтқанда, осы оқиғаға тартылған адамдардың, оның ішінде талап қоюшылардың аттарын, атаулары мен мекен-жайларын қоса алғанда, осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратпен, құжаттармен қамтамасыз етуге;

4) дауды сот арқылы реттеу кезінде Сақтандырушының сот шешім шығарғанға дейін "дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға" ретінде іске кіру құқығына кедергі келтірмеуге, сондай-ақ сот алдында "дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға" ретінде Сақтандырушыны іске тарту туралы өтініш жасауға құқылы;

5) сот талқылауына дейін және барысында қандай да бір іс-әрекеттер жасамауға, Сақтандырушымен алдын ала келіспей сақтандыру объектісіне қатысты қаралып отырған істің мәні бойынша арыз жасамауға міндетті.

50. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламаса немесе уақтылы хабарламаса, егер Сақтандырушының Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмағаны оның Сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпейтіндігі дәлелденбесе, оның Сақтандыру төлемінен бас тарту құқығы болады.

51. Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер ол Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының еркіне байланысты емес немесе Сақтандыру шартында дәлелді себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса, Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

52. Сақтанушы және (немесе) пайда алушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттер жасамауға, сондай-ақ: Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз, қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға, осы Сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір ымыралы төлемдер жасамауға міндетті.

53. Сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиға болған жағдайда Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-қимыл жасамауға және Сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындауға міндетті.

## 14-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

54. Сақтандырушыға Сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы тиісті талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.

55. Нәтижесінде Шығын келтірілген Сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы беретін құжаттармен расталуға тиіс.

56. Сақтандыру жағдайының басталғанын және Шығын мөлшерін растайтын құжаттар:

1) Сақтандырушының корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) өкілге мүдделерді білдіруге сенімхат;

3) сақтандыру шартының көшірмесі;

4) Кепілдік беру туралы шарттың көшірмесі;

5) Кепілдік көшірмесі;

6) Келісімшарттың көшірмесі;

7) кепілдік талаптарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Пайда алушының Сақтанушыға Кепілдік беру туралы шарттың талаптарына сәйкес Кепілдік бойынша Пайда алушы төлеген соманы Сақтанушының өтеу (төлеу) қажеттігі туралы жазбаша талабының (хабарламасының) түпнұсқасы/көшірмесі;

8) Пайда алушының кепілдік беру туралы шарт бойынша бар міндеттемелерінің, оның ішінде мерзімі өткен міндеттемелердің болуы және олардың толық жазылуы туралы анықтамасы;

9) Сақтандырушының тиісті талабы болған кезде кредиттік досьеден алынған материалдардың нотариалды куәландырылған көшірмелері / көшірмелері. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішті қарау үшін Сақтандырушының пікірі бойынша қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесін беруге тиіс;

10) Шығын мөлшерінің есебін қоса бере отырып және Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін Пайда алушының банктік деректемелерін көрсете отырып, Кепілдік бойынша Бенефициардың қойылған талаптарының ықтимал себептері жазылған Пайда алушының хаты;

11) Кепілдік бойынша Бенефициардың талап етуі бойынша жүзеге асырылған ақша аударымын растайтын құжат;

12) кепіл, кепілзат, кепілдік, кепілгерлік шарттарының және кепілдік беру туралы шарт бойынша қамтамасыз ету болып табылатын өзге де шарттардың көшірмесі (бар болса);

13) талап арыздың көшірмесі (бар болса);

14) Пайда алушының талап арызы бойынша азаматтық іс қозғау туралы, Сақтанушыдан Кепілдік беру туралы шарт бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы сот ұйғарымының түпнұсқасы/көшірмесі (бар болса);

15) кепілдік беру туралы шарт бойынша сақтанушының берешек сомасын өндіріп алу туралы сот шешімінің түпнұсқасы (бар болса);

16) Шығынның себебін және мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.

57. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандырушы немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Егер Сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде пайда алушыға залал келтіру Сақтандыру оқиғасының нәтижесінде болмағаны анықталса, Сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды. Бұл жағдайда Сақтандырушы еркін нысандағы құжатты жасайды, онда Сақтандыру жағдайы туралы актіні жасамау себептері көрсетіледі.

## 15-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

58. Пайда алушыдан сақтандыру жағдайының немесе Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ Қағиданың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген мерзім ішінде мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) Сақтандыру жағдайының немесе Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін белгілейді;

2) Пайда алушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді;

3) оқиғаның пайда болу фактісі мен себептерін анықтайды;

4) Сақтандыру жағдайы деп танылған кезде Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, және Сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

59. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Сақтандыру жағдайы туралы өтініштің, Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы ұсынған басқа да құжаттардың және сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүргізеді.

60. Сақтандыру төлемі шартсыз франшиза ескеріле отырып, Сақтандыру жағдайының нәтижесінде Пайда алушы шеккен шығын мөлшерінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің мөлшері былайша есептеледі:

Сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемі = Шығын-Шартсыз франшиза.

61. Сақтандырушы мен Пайда алушы арасында берешекті өндіріп алу және шығындарды өтеу жөніндегі шығыстарды бөлу тәртібі жеке келісімде айқындалады.

62. Сақтандырушы Пайда алушының ықтимал шығындарды азайту үшін қасақана ақылға қонымды және оған қол жетімді шаралар қабылдамауы салдарынан туындаған шығында бөлігінде Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

63. Егер шарт тараптарының келісімінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру төлемі бір жолғы төлеммен жүзеге асырылады.

64. Залал Сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне кепілдік беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу бойынша Пайда алушы алдындағы Сақтанушының орындалмаған міндеттемесі мөлшерінде, бірақ Пайда алушы төлеген Кепілдік сомасының мөлшерінен аспайтын мөлшерде айқындалады.

65. Шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Пайда алушы шеккен шығыстарды, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе жүргізілген болса, тіпті тиісті шаралар табыссыз болса да, бірақ Сақтандырушымен алдын ала келісілсе де, Сақтандырушы өтеуі тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде, алайда Сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген Сақтандыру сомасынан аспайтындай етіп өтеледі.

66. Сақтандырушы Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды алғаннан кейін күту кезеңі аяқталғаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша нысанда негіздейді.

67. Сақтандырушы Сақтанушыдан және (немесе) Пайда алушыдан Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап күту кезеңі Сақтандыру шартында көрсетіледі және 120 (бір жүз жиырма) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

68. Сақтандырушы, егер құқық қорғау органдары Пайда алушыға немесе Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген адамдарға қатысты қылмыстық іс қозғаған жағдайда және ол бойынша мән-жайлар, егер осы мән-жайлар Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты болса ғана, Пайда алушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбей, анықтау немесе алдын ала тергеп тексеру сатысында қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін, Пайда алушыға ақтау үкімі шығарылғанға дейін, сондай-ақ егер Пайда алушының іс-әрекеттері Сақтандыру жағдайының басталуына әкелетін мән-жайлармен байланысты болса, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес Пайда алушының аталған іс-әрекеттерінде құқыққа қайшылықтардың болмағанын көрсететін басқа да мән-жайлар туындағанға дейін Сатқандыру төлемін жүзеге асыруды кейінге қалдыра алады. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру апелляциялық сатыдағы соттардың қайта қарауы, төмен тұрған сатылардағы сот актілерін жоғары тұрған сатыдағы соттардың қайта қарауы кезінде де болады.

69. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы сот тәртібімен шағым жасай алады.

70. Пайда алушыға Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасы шегінде бір немесе бірнеше рет, оның ішінде сақтандыру сомасы толық төленгенге дейін жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте Сақтандыру қорғаудың қолданылуы Сақтандыру сомасы толық төленгенге дейін тоқтатылмайды.

71. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

## 16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

72. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыру қорғаудың бүкіл қолданылу кезеңі ішінде жалғасады. Бұл ретте Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады. Сақтандыру төлемін толық мөлшерде жүзеге асырған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

73. Тараптар Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда Шарт тараптарының жеке келісімін жасасу жолымен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

74. Сақтандыру шарты мынадай жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі енді жоқ болды;

2) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы жойылған кезде және Сақтандыру тәуекелінің болуы Сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтатылғанда.

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде;

4) егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуы тоқтатылғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушыдан Сақтандыру сыйлықақысын төлеу (мерзімі өткен сақтандыру жарнасын және (немесе) кезекті сақтандыру жарнасын, егер осындай төлем мерзімі басталған болса) түспесе;

5) заңнамада қарастырылған өзге жағдайларда.

Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі Тарап дереу, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа Тараптарды жазбаша хабардар етуі тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартын тоқтату фактісін жеткілікті құжаттамалық растау болып табылады, ал Сақтандырушының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар болады.

75. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген Сақтандыру сыйлықақысын не Сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

## 17-тарау. Суброгация

76. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Пайда алушының сақтандыру нәтижесінде өтелген Шығындары үшін жауапты тұлғаға төленген сома шегінде талап ету құқығы ауысады.

77. Пайда алушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді дереу беруге және оған өзіне ауысқан Сақтандырушының талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті

78. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған шығынды өтеу бойынша шығындарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтем Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушыға тиесілі болады. Пайда алушы осы өтеулер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға беруге міндетті.

79. Егер Пайда алушы Сақтандырушы өтеген Шығындар үшін жауапты адамға талап қою құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Пайда алушының кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе сәйкесінше бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## 18-тарау. Қосымша талаптар

80. Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ерекшеліктер және т.б.) енгізіле алады.

81. Тараптардың уәкілетті өкілдері жазбаша ресімдеген және қол қойған жағдайда, Сақтандыру шартына жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулардың заңды күші болады.

## 19-тарау. Дауларды шешу тәртібі

82. Осы Қағиданың негізінде жасалған сақтандыру шартынан туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.

83. Сақтандыру шартының тараптары дау келіссөздер жолымен шешілмеген жағдайда сот органдарына жүгінгенге дейін туындаған келіспеушіліктің себептерін негіздей отырып, басқа Тараптарға жазбаша шағым жіберуге міндетті.

84. Наразылық екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

85. Егер наразылық толық немесе ішінара қабылданбаған немесе талап қоюға жауап Қағиданың 84-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін алынбаған жағдайда, Тарап Сақтандырушының нақты орналасқан жерінің соттылығы бойынша сотқа жүгінуге құқылы.